

2014 жылға Күршім ауданы халқының нысаналы топтарын анықтау туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы N 3132 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қаңтарда N 3149 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 02 желтоқсандағы N 3522 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімдігінің 02.12.2014 N 3522 қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және жұмыспен қамтудың қосымша мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында, Күршім ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға Күршім ауданы халқының келесі нысаналы топтарын а н ы қ т а л с ы н :

- 1) та б ы с ы а з а д а м д а р ;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп б а л а л ы а т а - а н а л а р ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп т а н ы л ғ а н а д а м д а р б а р а з а м а т т а р ;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке ш ы ғ у ғ а е к і ж ы л қ а л ғ а н) ;
- 7) м ү г е д е к т е р ;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан
босатылған адамдар ;

10) оралмандар ;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын
бітірушілер ;

12) жұмыс беруші- заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші- жеке
тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының
қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар ;

13) қылмыстық- атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған
адамдар ;

14) интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері ;

15) мектептердің, кәсіби оқу мекемелерінің түлектері ;

16) "Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде
тіркелген тұлғалар ;

17) кәсіптер (мамандықтар) бойынша кәсіптік оқытуды аяқтаған "Жұмыспен
қамту 2020 жол картасы" бағдарламасының қатысушылары ;

18) отбасында бір де бір жұмыс істеушісі жоқ тұлғалар ;

19) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемейтін тұлғалар ;

20) 50 жастан асқан әйелдер ;

21) адамдардың иммун тапшылығы вирусын жұқтырған тұлғалар, есірткіге
тәуелді азаматтар .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Күршім
ауданы әкімдігінің 30.10.2014 N 3486 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С. Такенова) халықтың
нысаналы топтарына жататын адамдарға жұмысқа орналасуда жәрдемдесуді
қамтамасыз етсін .

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М.
Қалеловқа жүктелсін .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі .

Күршім ауданының әкімі

А. Сеитов

